



Шаруашылық жүргізу құқығындағы

«№26 қалалық емхана»

Коммуналды мемлекеттік кәсіпорны

2025 ЖЫЛҒЫ

Жылдық жұмыс есебі



Баяндамашы: Директор Турысбекова Айгуль Тураровна

Занды мекен-жайы мен орналасқан жері: Наурызбай ауданы, Таусамалы ш. а., Гроза к-сі, 102

Эл. пошта: policlinica26@mail.kz

сайт: gp26.kz

ЕМХАНАНЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

Ұйымның тарихы	Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№26 қалалық емхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны өз жұмысын 2015 жылы бастады
Ғимарат	Алматы қаласы әкімінің шешімі негізінде 1939 жылы салынған емхананың ескі ғимаратының орнына 2018 жылы жалпы ауданы 7497,2 ш. м. құрайтын жаңа 4 қабатты емхана ғимараты салынды.
Емхананың жоспарлы сыйымдылығы	Ауысымына 500 келуге арналған. Төсек қоры: 29 төсек. Емхананың қызмет көрсету аумағында 7 мемлекеттік жалпы білім беру мектебі, 3 жекеменшік мектеп, 3 мемлекеттік балабақша, 60 жекеменшік балабақша орналасқан. Тіркелген тұрғындар жалпы саны – 47012 адам, оның ішінде: балалар –14213, жасөспірімдер – 2284, ересектер – 30515 оның ішінде: туу жасындағы әйелдер- 11031, 65 жастан жоғары - 4838. Мүгедектер саны-642 оның ішінде ересек- 493, балалар-149. Диспансерлік есепте - 6593 адам тіркелген, 593 557 156,52 тг дәрімен қамтамасыз етілді. Пациенттерді қабылдау саны 289 758 адам (2024жылмен салыстырғанда +13%).
Ұйымдық құрылым	«Қарғалы» дәрігерлік амбулаториясы , мекен-жайы: Қарғалы шағын ауданы, Кенесары хан к-сі, 54/1. Тіркелген тұрғындар саны – 6423. «Құрамыс» дәрігерлік амбулаториясы , мекен-жайы: Құрамыс шағын ауданы, Сатпаев к-сі, 38А. Тіркелген тұрғындар саны– 1906. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек 31 жалпы тәжірибелік аймақтан тұрады. Акушерлік-гинекологиялық бөлім, Профилактикалық және әлеуметтік-психологиялық бөлімі, жеке мамандар бөлімі, күндізгі стационар бөлімі, даму және араласу орталығы. Консультативтік-диагностикалық көмек: амбулаторлық оңалту бөлімі, сәулелік және функционалдық диагностика бөлімі, клиникалы-диагностикалық зертхана, модульдық эндоскопиялық бөлім.

Бақылау кеңесі

Бақылау кеңесі Алматы қ. Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының 26.12.2019ж. № 440-қ бұйрығымен енгізілді. 2024 жылғы 8 қазандағы №02.1-26/267нқ «Алматы қаласы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесі мүшелерін лауазымға тағайындау туралы» бұйрығымен келесі мүшелер тағайындалды:

Бақылау кеңесінің төрағасы: Нурсапанов Даурен Сайрамгазыевич – АҚНИЕТ КОПРЗ денсаулық сақтау қызметкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі бас үйлестірушісі

Бақылау кеңесінің мүшелері:

Алтынбеков Сағат Абылкаирович-С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ Қосымша кәсіптік білім беру институтының басшысы

Игисинова Кырмызы Казиевна-«LS CLINIC» медициналық орталығының бас дәрігері

Рыскельдиева Гульнара Кадырбековна- Алматы қаласы бойынша «SENIM» Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағының есепшісі

Токкожаева Гульдана Асановна-Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының бас есепшісі

2025 жылы Бақылау кеңесінің 7 отырысы өткізілді.

Бақылау кеңесі келесі функцияларды орындайды :

Емхананың даму жоспарының жобасына, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қорытынды береді;

даму жоспарының орындалуы туралы есеп жобасын бекітеді, Емхананың жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекітеді;

демеушілік және қайырымдылық көмекті және қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде Клиниканың қарамағында қалған таза кірістің бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

Емхананың халық денсаулығын қорғау жөніндегі мемлекеттік аумақтық бағдарламаларын іске асыруын үйлестіреді.

Парыз:

Арудың алдын алу, салауатты өмір салтын насихаттау және сапалы медициналық қызмет көрсету арқылы халықтың денсаулығын нығайту және қорғау.

Пайым:


Мемлекет пен азаматтардың өз денсаулығы үшін бірлескен жауапкершілік қағидаттарына негізделген халыққа денсаулық сақтаудың тиімді және тұрақты әлеуметтік жүйесін құру

Мақсатымыз: Салауатты өмір салтын қалыптастыру, халықты өз денсаулығына ортақ жауапкершілікке тәрбиелеу, халықаралық стандарттардың медициналық-экономикалық көрсеткіштеріне қол жеткізу.

Міндеттеріміз: азаматтардың денсаулығын сақтау және санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету мәселелері бойынша емхана қызметін жетілдіру; - халыққа көрсетілетін медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру; - медициналық қызмет көрсету саласындағы міндетті медициналық сақтандыру жағдайында медициналық ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру




БІЗДІҢ ҚҰҢДЫЛЫҚТАР:



Емдеу ісі пациенттің жағдайына бағытталады



Мейірімділік – басты ұстанымымыз




Заманауи технологиялар мен инновацияларды қолдану



Тәжірибелі мамандар жас буынды тәлімгерлікке алып баулиды.



Емдеу ісін кәсіпқойлықпен қатар дамыту



Науқастың құқықтарын құрметтеу

КАДР САЯСАТЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ



Білікті медицина мамандарымен
қамтамасыз ету

Жас
мамандарға
қолдау
көрсету




Қызметкерлердің
біліктілігін
арттыру

Медициналық
кадрлардың
тұрақтамауын
азайту мәселесін
шешу бойынша
жұмыс жүргізу



Емхана
қызметкерлерін
әлеуметтік
қорғаудың
мотивациялық
механизмдері
мен әдістерін
қолдану

ШЖҚ «№26 қалалық емхана» КМК ұйымдық құрылымы




ШТАТ САНЫ ЖӘНЕ КАДРЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМНЫҢ ТАЛДАУЫ

Жыл	Штат саны	Дәрігерлер	Орта буын медициналық қызметкер	Кіші медициналық қызметкер	Басқалар	Санаттылық	Кадрлармен қамтамасыз ету
2023	424,5	117,25	225	19,5	62,75	54,2%	99,6%
2024	425,5	117,5	227	19,5	61,5	55,1%	99,6%
2025	427,5	122,25	226,5	19,5	59,25	62%	99,7%


Қызметкерлерді үздіксіз оқыту жүргізіледі. 2025 жылы 214 қызметкер (81,6%) білімін жетілдірді. Оның ішінде: дәрігерлер – 78, орта буын медициналық қызметкерлер – 123, басқалар – 13. 1 маман шет елде біліктілігін арттырды. Кадрлардың ауысуы 0,5 % құрайды.

Мамандардың санаттылық деңгейі

ДӘРІГЕРЛЕР



ОРТА БУЫН МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР



Дәрігерлер санаттылығы – **61,17%** (52), медбикелер – **62,6%** (77).
Денсаулық сақтау магистрі – 5; медицина ғылымының кандидаты – 2.

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

2023-2025 ж.ж. бойынша қаржылық жоспар орындалуы

**МӘМС бойынша 2023
жылғы қаржылық
жоспары– 1 850 143 694
теңге**

**1 850 143 694 теңге жоспары
100% орындалды**


**МӘМС бойынша 2024
жылғы қаржылық
жоспары– 1 876 998 420
теңге**

**1 876 998 420 теңге жоспары
100% орындалды**

**МӘМС бойынша 2025
жылғы қаржылық
жоспары– 1 933 698 441
теңге**


**1 933 698 441 теңге жоспары
100% орындалды**

Орташа жалақы (мың. теңге)



Қаржылық-шаруашылық қызметтің салыстырмалы анализі


182990,43



- енбекақы
- СКПН
- салықтар
- тауарлар
- дәрілер
- коммунальные услуги
- связь
- основные средства
- питание


2023 ЖЫЛ

168263,84



- енбекақы
- СКПН
- салықтар
- тауарлар
- дәрілер
- коммунальные услуги
- связь
- основные средства
- питание

2024 ЖЫЛ



- енбекақы
- СКПН
- салықтар
- тауарлар
- дәрілер
- коммунальные услуги
- связь
- основные средства
- питание
- ЛС спонсорский
- КДУ

2025 ЖЫЛ

Мақсатты индикаторларға қол жеткізу

Индикаторлар	2024 жыл		2025 жыл	
	Мақсатты көрсеткіш	Нақты көрсеткіш	Мақсатты көрсеткіш	Нақты көрсеткіш
МСАК деңгейінде алдын алуға болатын 7 күннен 5 жасқа дейінгі балалар өлімі (ОКИ, ОРИ)	Болмауы	Болмады	Болмауы	4,8
МСАК деңгейінде алдын алуға болатын ана өлімінің болмауы	Болмауы	Болмады	Болмауы	Болмады
Үйде нәресте өлімі болмауы	Болмауы	Болмады	Болмауы	Болмады
Қанайналым жүйесі ауруларының асқынуымен стационарға жатқызылған тұрғындардың арасынан науқастарды госпитализациялау деңгейі	18,5% артық емес	9,5%	18,5% артық емес	8,2%
Скринингтік қамту	100%	100%	100%	100%
Көру локализациясындағы 1-2 сатыдағы қатерлі ісіктердің жаңадан анықталған жағдайлары	78,2% кем емес	79 %	78,2% кем емес	78 5%
Науқастарды ауруларды басқару бағдарламасымен (ДМП) Артериялық гипертензия, созылмалы жүрек жеткіліксіздігі, қант диабеті нозологиялармен қамту	тіркелген науқастардың диспансерлік топпен жарты жылға кемінде 30%-ы (бағдарлама бойынша), 40%-ы бір жылға	35 %	тіркелген науқастардың диспансерлік (бағдарлама бойынша), 20%-ы бір жылға	20%

Мақсатты индикаторларға қол жеткізу

Индикаторлар	2024 жыл		2025 жыл	
	Мақсатты көрсеткіш	Нақты көрсеткіш	Мақсатты көрсеткіш	Нақты көрсеткіш
Балалар арасындағы семіздіктің жиілігі (0 – 14 жас)	Сол жастағы 100 мың халыққа шаққанда 147,5-ден аспау керек	14	Сол жастағы 100 мың халыққа шаққанда 49,3-ден аспау керек	14
МСАК көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына бару саны, жылына бір тұрғынға шаққанда	6,1 кем емес	7,5	6,1 кем емес	7,8
Қазақстан Республикасының Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес емделуші халықты вакцинациямен және ревакцинациямен қамту	Жоспардан 95% кем емес	Вакцинация 98,5% Ревакцинация 96,7%	Жоспардан 95% кем емес	Вакцинация 100% Ревакцинация 96,8%
Жүкті әйелдерді жеке және пренаталдық күтіммен қамтуды арттыру	87% кем емес	93%	87% кем емес	96%
1 жасқа дейінгі балаларды белсенді мониторингпен скринингпен қамтуды арттыру	89% кем емес	100%	89% кем емес	96,4%
Мүмкіндігі шектеулі балаларды медициналық оңалтумен қамтуды арттыру	35% кем емес	41%	35% кем емес	45%
жасырын туберкулез инфекциясы бар балалардың арасында профилактикалық ем алғандардың үлесі	75%	85%	75%	87%
Бактериялық экскрециясыз туберкулезбен ауыратын науқастарды амбулаторлық емдеумен қамту	55%	61%	55%	50% (барлығы 2 науқас)


Мақсатты индикаторларға қол жеткізу

Индикаторлар	2024 жыл		2025 жыл	
	Мақсатты көрсеткіш	Нақты көрсеткіш	Мақсатты көрсеткіш	Нақты көрсеткіш
Жүрек-қан тамырлары, онкологиялық, созылмалы респираторлық аурулар және қант диабеті салдарынан 30–70 жас аралығындағы халықтың мерзімінен бұрын өлім-жітім қаупі деңгейін төмендету	15%	0,07% 16 өлім Тіркелген саны 21974	15,2%	0,04% 9 өлім Тіркелген саны 21981
Жалпы өлім-жітімнің стандартталған коэффициентін төмендету	5,1	2,07 94 өлім Барлық тіркелген саны 46750	5,1	2,4 113 өлім Барлық тіркелген саны 47012
Қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітімнің стандартталған коэффициентін төмендету	167,73	19,3 9	167,73	10,6 5 адам
Қатерлі жаңа түзілімдерден болатын өлім-жітімнің стандартталған коэффициентін төмендету	68,64%	10,7% 5өлім	68,64%	23,4% 11өлім
Жүктіліктің 10 аптасына дейін жүкті әйелдерді есепке алумен қамтуды арттыру, экстрагениталдық ауруларды (ЭГА) уақтылы диагностикалау және емдеу, сондай-ақ жеке дара босануға дейінгі бақылау жоспарын құру	44%	80,4%	44%	86,2%
Әйелдерді прегравидарлық даярлықпен қамтуды арттыру	50%	72%	50%	73,89%
Фертильді жастағы (15–49 жас) әйелдерді заманауи контрацепция әдістерімен қамту	51%	62,4	51%	64,51
15–17 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында жасалған аборттар санын төмендету (тиісті жастағы 1 000 қызға шаққанда)	0,38	0	0,38	0

Мақсатты индикаторларға қол жеткізу

Индикаторлар	2024 жыл		2025 жыл	
	Мақсатты көрсеткіш	Нақты көрсеткіш	Мақсатты көрсеткіш	Нақты көрсеткіш
15–17 жас аралығындағы қыздар арасында жасөспірімдер арасындағы туу көрсеткішін төмендету (1 000 қызға шаққанда)	2,5	0	2,5	0
Бір тұрғынға шаққандағы алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына келу саны (жылына)	5,6%	5,7% 258046 келу саны 45553 тіркелген тұрғын саны	5,9%	6,1% 289758 келу саны 47012 тіркелген тұрғын саны
Халыққа көрсетілген қашықтан медициналық қызметтердің үлесі	7%	7%	10%	10,8%
Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесімен халықты қамту деңгейі	80%	83,4% 7576 МӘМС жоқ 45553 тіркелген тұрғын саны	83%	86% 6587 МӘМС жоқ 47012 тіркелген тұрғын саны
Медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында медициналық ұйымдарды стандарттар негізінде аккредиттеу	55%	100% 2023г 1 категория	55%	100% 2023г 1 категория

2024/2025 жылдары ПАЦИЕНТТІ ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТІ тарапынан қарастырылған өтініштер



2024–2025 жылдары пациенттердің өтініштері мен шағымдарына талдау жүргізу бойынша оң динамиканың қалыптасқаны көрінеді.

2024 жылы 451 өтініш тіркелді, оның ішінде 72 шағым (15,9%)

2025 жылы 314 өтініш тіркелді, оның ішінде 41 шағым (13,1%)

Шағымдар саны 43,1%-ға төмендеді, бұл медициналық көмектің сапасының жақсарғанын және халықпен жүргізілетін жұмыстың тиімділігін көрсетеді.

Шағымдардың негізгі себептері	41 шағым
Тіркеуден бас тарту (Ақжар шағынауданы)	15 жағдай (36,6%)
Консультативтік-диагностикалық қызметтерді (тар бейінді мамандар, диагностикалық қызметтер, КТ/МРТ) ұзақ күту және көрсетуден бас тарту	17 жағдай (41,5%)
Госпитализациядан бас тарту	6 жағдай (14,6%)
ТМККК және МӘМС аясында дәрілік заттарды беруден бас тарту	2 жағдай (4,9%)

Анықталған мәселелерді шешу бойынша қабылданған шаралар:

Анықталған мәселелерді шешу және шағымдар санын азайту мақсатында Емханада бірқатар нақты іс-шаралар жүзеге асырылды.

1. Медициналық персоналдың коммуникативтік дағдыларын арттыру мақсатында оқыту өткізілді (18 дәрігер ,32 мейірбике оқытудан өтті)
2. Пациенттерге ТМККК және МӘМС жүйесі аясында көрсетілетін медициналық қызметтер бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді(42 әңгіме өткізілді)
3. Емханада пациенттердің жайлы әрі ыңғайлы жағдайда болуын қамтамасыз ету мақсатында барлық бөлімшелерде Wi-Fi желісі орнатылды.

Сонымен қатар, әрбір шағым бойынша жедел кері байланыс қамтамасыз етіліп, мәселелер «осы жерде және осы уақытта» қағидаты бойынша шешілуде.

КМФҚ деректері бойынша 13 шағым тіркелді. іс жүзінде екі адам бірнеше инстанцияға қатар шағымданған Нұртөлеуова Н.Н. мен Рамазанова А. Қ. (11 шағымды ерлі-зайыптылар нәрестесінің перзентханада шетінеуіне байланысты), сондай-ақ Якис А. Г. (2 шағымды 72 жастағы әкесінің қатерлі ісікпен жедел қайтыс болуына қатысты). Аталған өтініштер әртүрлі мемлекеттік органдарға жолданып, кейіннен осы өтініштерді қарау жөніндегі уәкілетті орган ретінде ДКМФД-ға қайта бағытталғандықтан, екі өтініш есепте 13 өтініш ретінде тіркелген. Пациенттерді қолдау қызметі мен ішкі аудит қызметі тарапынан аталған шағым бойынша қызметтік тексеру жүргізілді.

Бүгінгі күнге Рамазанова А. Қ. және оның жұбайы толық көлемде тексеруден өтті: тар бейінді мамандардың қарауында болды, барлық қажетті зертханалық және аспаптық тексерулерден өтті. Пациентке күндізгі стационар жағдайында ем жүргізілді, учаскелік акушер-гинекологтың тұрақты бақылауында. Бүгінгі таңда пациенттің жағдайының гинекология бөлімшесінің меңгерушісі және емдеу ісі жөніндегі басшының орынбасары бақылауында.

Қорытынды: Емханада өтініштер мен шағымдар жедел түрде қаралып, әрбір жағдай жеке тәртіпте талданады. Түскен барлық пікірлер назардан тыс қалмайды, мәселелер өтініш түсуіне қарай қысқа мерзімде шешіледі, бұл қайталама шағымдардың азаюына және пациенттердің сенімінің артуына ықпал етеді.

СКРИНИНГ 2025ЖЫЛ

Атауы	Жоспар	Орында лу	%	Анықтау	%	Д есепке алу	%
Қан айналымы жүйесінің ауруларын ерте анықтау	4422	4409	99,7%	520	11,8%	520	100%
Қант диабетін ерте анықтау	4515	4104	90,9%	109	2,7%	109	100%
Глаукоманы ерте анықтау	4573	4360	95,3%	118	2,7%	118	100%
Жатыр мойны обырын ерте анықтау	1572	1631	103,8%	190	11,6%	190	100%
Сүт безі обырын ерте анықтау	2270	2325	102,4%	394 Қатерлі ЖТ (ЗНО)-7 Қатерсіз ЖТ(ДНО)-387	16,6%	394	100%
Колоректальды қатерлі ісіктерді ерте анықтау	2741	2831	103,3%	46	1,6%	46	100%
В және С вирусты гепатиттерін ерте анықтау	651	973	149,5%	19	1,9%	19	100%
Балалар	16405	17150	104,5%	1047	6,1%	1047	100%

2023-2025 ж. ж. арналған жүкті әйелдер мен босанулар көрсеткіші

№	Көрсеткіш	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
1	Тұрғындардың жалпы саны	44068	45553	46909
2	Жалпы әйелдер саны	23097	23800	24349
3	Туу жасындағы әйелдер саны	10542	10640	11165
4	Есепте тұрған жүкті әйелдер саны	823	820	1099
5	Жүктілікпен есепке алынғандар саны	746	695	727
6	Оның ішінде 12 аптаға дейін	694	640	692
7	Барлық босанулар	831	738	682
8	Мерзімінен бұрын босану	15	27	24

Жүкті әйелдерге, жаңа туған нәрестелерге және жас балаларға арналған патронаждық қызметтің әмбебап прогрессивті үлгісі

0-ден 3жасқа дейінгі балалардың жалпы саны-3685

оның ішінде: әмбебап қызметтер пакетімен қамтылған 0-ден 3жасқа дейінгі балалардың жалпы саны-2579

оның ішінде: қызметтердің прогрессивті пакетімен қамтамасыз етілген 0-ден 3жасқа дейінгі балалардың жалпы саны-1106

12-32 аптадағы жүкті әйелдер саны-692

Оның ішінде: 12-32 аптада тіркеліп, әмбебап қызметтер пакетін уақтылы және толық көлемде алған жүкті әйелдер саны-572

Оның ішінде: прогрессивті пакеттегі 12-32 аптадағы жүкті әйелдердің саны-98



2025 жылғы 11 маусымда Алматы қаласының №26 қалалық емханасында «Жүкті әйелдерге, жаңа туған нәрестелерге және жас балаларға арналған патронаждық қызметтегі мейірбикенің жаңа рөлі» тақырыбында конференция өткізілді.

Аталған іс-шара патронаждық қызметті жетілдіру, мейірбикелердің кәсіби құзыреттілігін арттыру және ана мен бала денсаулығын сақтаудағы мейірбикенің заманауи рөлін айқындау мақсатында ұйымдастырылды.

Конференцияға Алматы қаласы бойынша барлық медициналық ұйымдардан барлығы **107 қызметкер** қатысып, тәжірибе алмасу және өзекті мәселелерді талқылау алаңына айналды. Конференция барысында жүкті әйелдерге көрсетілетін бақылау, жаңа туған нәрестелер мен ерте жастағы балаларды патронаждау, қауіп факторларын ерте анықтау, отбасымен тиімді коммуникация орнату және профилактикалық жұмыстардың маңыздылығы кеңінен қарастырылды. Конференция шеңберінде ИВБДВ (БЖАИЖ – балалар жасындағы ауруларды интегративті жүргізу) әдістемесі бойынша қосымша оқу сабағы ұйымдастырылды. Іс-шара барысында Алматы қаласының әртүрлі медициналық ұйымдарынан келген медицина қызметкерлеріне БЖАИЖ алгоритмдері, балалардың жалпы жағдайын бағалау, қауіп белгілерін ерте анықтау, ауруларды жіктеу, емдеу тактикасын таңдау және ата-аналармен тиімді коммуникация орнату мәселелері бойынша теориялық және практикалық ақпарат берілді. Бұл сабақ медицина қызметкерлерінің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, БЖАИЖ әдістемесін күнделікті тәжірибеде тиімді қолдануға және балаларға көрсетілетін медициналық көмектің сапасын жақсартуға бағытталды.





- «Мейіргер ісін дамыту перспективалары: инновациялар, білім беру және тәжірибе» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында 04-05 сәуір 2025 жыл емханамыздан 2 мейірбике спикер болды.
- Баймухаметова Бақыт Жұмаханқызы "Баланы ерте жастан дамытуда мейіргердің рөлі"
- Ерұлан Самал Ерұланқызы "Патронаж қызметкерінің жаңа рөлі" тақырыбында .

Астана қаласында 11–15 ақпан аралығында Халықаралық EXPO көрме орталығында өткен «Жұмысшы мамандықтар қаласы» республикалық фестиваліне Алматы қаласының №26 қалалық емханасының қызметкерлері медицина саласының өкілдері ретінде қатысты.

Фестиваль аясында емханамыздан Асанова Индира Тұрсыновна — аға медициналық мейірбике,

Баймухаметова Бақыт Жұмаханқызы — Баланың даму кабинеті мен патронаждық қызметтің медициналық мейірбикесі қатысып, денсаулық сақтау саласындағы тәжірибелерімен, патронаждық қызметтің маңыздылығымен және балаларға көрсетілетін алғашқы медициналық көмектің рөлімен таныстырды. Іс-шара жұмысшы мамандықтарының беделін арттыруға, тәжірибе алмасуға және түрлі салалар арасындағы өзара байланысты нығайтуға бағытталды. №26 қалалық емхананың мамандары фестиваль барысында медицина қызметкерлерінің қоғамдағы маңызды орнын айқындап, саланың дамуына қосылып жатқан үлесін көрсетті





Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің №25 бұйрығын орындау аясында алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарында ата-аналарды оқыту бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, жүкті әйелдер мен ата-аналарға ана сүтімен қоректендірудің маңыздылығы, оның нәресте денсаулығын нығайтудағы рөлі, сондай-ақ қосымша тамақты (прикорм) уақтылы енгізудің қажеттілігі бойынша түсіндіру және оқыту сабақтары ұйымдастырылды. Қосымша тамақты 5 айдан бастап енгізу тәртібі, тағам түрлері, кезеңділігі мен қауіпсіздігі туралы толық ақпарат берілді. Сонымен қатар, ИБВБД (Балалық шақтағы ауруларды интеграцияланған басқару) стратегиясы шеңберінде ата-аналарға балалардың жиі кездесетін ауруларын ерте тану, қауіп белгілерін анықтау, үй жағдайында күтім жасау және медициналық көмекке дер кезінде жүгіну мәселелері бойынша оқыту жүргізілді. Аталған оқыту іс-шаралары ата-аналардың медициналық сауаттылығын арттыруға, ана мен бала денсаулығын қорғауға, аурулардың алдын алуға және балаларға көрсетілетін медициналық көмектің сапасын жақсартуға бағытталған.


Амбулаториялық хирургия орталығы

2025 жылы орталықта 407 операция жасалды:


Теріге, тері астындағы тіндерге, лимфалық құрылымдарға операциялар-158

Терінің майлы тіндерінің және аяқ-қолдардың тері асты тіндерінің қатерсіз ісіктері-249

ОСМС - 31 101 877,99тг игерілді



Модульдік эндоскопиялық орталық



2025 жылы барлығы 1824 эндоскопиялық зерттеулер жүргізілді:

Видеоэзофагогастродуоденоскопия – 1564, оның ішінде цитоморфологиялық зерттеуге материал алу – 68.

ВидеокOLONоскопия – 262, оның ішінде: цитоморфологиялық зерттеуге материал алу –68, емдеу процедураларын жүргізу –68.

Анықталған патология саны- 197 оның ішінде: Жара (язва) - 53, эрозия - 69, Қатерлі ісік (рак) - 7, Полип - 68.


«Үздік тәжірибе орталығы»

1. «Жас қанат» жастар орталығы

Жастар орталығында: гинеколог, уролог, дерматовенеролог, терапевт, психолог, әлеуметтік қызметкер, заңгер, медбике қызмет көрсетеді .

Барлығы 3759 адам қабылданды, оның ішінде 3116 - сау, 623 - басқа мамандарға жіберілді.

2025 жылы барлығы 357 іс-шара өткізілді. Барлығы 5383 адам қамтылды, атап айтқанда: халық көп жиналатын орындардағы іс-шаралар, конференциялар, ашық есік күндері, денсаулық мектептеріндегі сабақтар, семинарлар, интерактивті тренингтер, ата-аналар жиналысы, спорттық іс-шаралар өткізілді. Нәтижесінде жасөспірімдер арасындағы жүктіліктің төмендеуі және зиянды әдеттерден арылуы байқалды Халықпен тығыз байланыстың орнауы нәтижесінде пациенттердің қанағаттануы артты Ақпараттық және оқу материалдары тұрақты таратылады.



2. Созылмалы жүрек жеткіліксіздігі (СЖЖ) бар науқастарға арналған СЖЖ (ХСН) кабинеті. Науқастар ай сайын динамикалық қаралудан өтеді, квадротерапия алады, уақытылы дәрілерін алады.

2080 науқасқа кеңес берілді. Алғашқы рет СЖЖ анықталған науқастар саны – 1610, сатысы бойынша:

А тобы – 959 науқас, В тобы – 516 науқас, С тобы – 130 науқас, Д тобы – 6 науқас

ProBNP СЖЖ бар 128 науқасқа жасалды

ЭхоКГ СЖЖ бар 484 науқасқа жасалды

3. Симуляциялық кабинеті

Симуляциялық орталықта жұмысы алғашқы санитарлық-медициналық көмек көрсету дағдыларын меңгеруге, болашақ мамандардың біліктілігін арттыруға бағытталған жаттықтырулар жүргізіледі. Жаттықтыруларды жалпы тәжірибе дәрігерлер бөлімінің меңгерушісі Нуримбетова К. И. және балалар бөлімінің меңгерушісі Увалиев Б. Ж. жүргізеді. Жаттықтырулар дәрігерлер мен медбикелерлерге 97 медициналық қызметкерлерге 32 сабақ жүргізілді.

4. Жоғары білімді медбикенің өзі қабылдауы

Науқастарды медбикенің жеке қабылдауы және тексеруі ішінде амбулаторлық картаға жазу арқылы медбикенің құзыреттері бекітіледі. Жоғары білімді 2 медбике жеке мейірбикелік тағайындау дағдыларына ие және өз құзыреті мен біліктілігі шегінде сапалы алғашқы медициналық көмек көрсетеді.

2025 жыл бойы 5700 науқас қабылданды. Рецепттерге, бақылау және профилактикалық тексерулерге, ауруларға қатысты күніне жазылу саны шамамен: рецепт жазу-14, динамикалық тексеру-6, профилактикалық тексеру-6, аурулар-4.

ОҢАЛТУ БӨЛІМІ ЖӘНЕ КҮНДІЗГІ СТАЦИОНАР

Оңалту бөлімінің кабинеттері УФО, биоптрон, ингаляция, УВЧ, инфрақызыл сәулелер шығарғыш, электрофорез, УЗТ, лазерлік терапия, магнитті терапия, парафинмен емдеу, УВЧ жабдықтарымен жабдықталған. Емдік дене тәрбие залы жүгіру жолы (беговая дорожка), велоқұрылғы, швед тосқауылы, фитболдар, гимнастикалық таяқшалар, гантельдер сияқты жабдықтармен жабдықталған.

Жыл бойы 1219 науқас қабылданды, оның ішінде бала саны – 221.

Нозология бойынша:

- Неврологиялық науқастар – 567
- Жүрек аурулары – 215
- Жарақаттан соң науқастар – 220
- Тыныс алу жолдары науқастар – 217



Күндізгі стационарда 29 төсек бар. Жыл бойы 1714 науқас қабылданды

Нозология бойынша:

- Анемия – 63
- Қант диабеті – 104
- Жүйке жүйесінің аурулары – 125
- Қан айналымы жүйесінің аурулары – 469
- Тыныс алу жолдарының аурулары – 360
- Ас қорыту жүйесінің аурулары – 115
- Тері және тері астындағы тіндердің аурулары – 175
- Буын аурулары – 239
- Бүйрек жыныс аурулары – 64

ПРОБЛЕМАЛЫҚ СҰРАҚТАР

1 – сұрақ: емхананың өз трансформаторлық қосалқы станциясы бар, бұл трансформаторлық қосалқы станцияда емхананы үздіксіз қуатпен қамтамасыз ету үшін екі кабель бар; Бір кабель жер астында, екіншісі жоғарыда.

Бүгінгі күні үздіксіз электр қуатымен қамтамасыз ететін жер асты кабелі бұзылып, электр энергиясы РЭС-3-тен әуе кабелінен берілуде.

Жер асты кабелін өз бетімен ауыстыруға емханада қаражат жоқ, өйткені қаражат жергілікті бюджеттен қаржыландырылады. Бұл кабельді ауыстыру 7-10 миллион теңгені құрайды.

Шешу жолдары: үзіліссіз электр энергиясымен қамтамасыз ету үшін РЭС-3-нен №26ҚЕ-ға дейінгі жерасты кабелін ауыстыруға қаржы қажет.

2 – сұрақ: Емханада кәріз жүйесі жоқ. Емхана құрылысы кезінде септик орнатылған, бірақ кәріз құбыры Рысқұлова көшесінің бойымен өтеді.

Емхананы орталық кәріз жүйесіне өз бетімен қосу үшін жергілікті бюджеттен қаржыландырылатындықтан емханада қаражат жоқ. Емхананы орталық кәріз жүйесіне қосу ҚҚС есебімен 26 897 000 теңге коммерциялық ұсыныстармен ұсынылған.

Шешу жолдары: Ортақ орталықтандырылған кәріз жүйесіне қосылу.

Екі сұрақ бойынша құзырлы органдарға бірнеше рет хат жолданған.

Емхана жетістіктері

2021 жылы
«Денсаулық сақтау
мақтанышы-2021»
атағына ие болды



2025 жылы «Алматы қаласы
бойынша алғашқы медициналық-
санитарлық көмек көрсету
көшбасшысы» байқауында 1
орынға ие болды.



Емхана Денсаулық сақтаудағы
сапа бойынша 2023жылғы
Ұлттық аккредиттеуден өтіп, 1
санат берілді



1. Емхана Дәріханалық тиісті практика (GPP) стандартынан өтті. Ол – дәрілік заттарды сақтау, дайындау, босату және халыққа фармацевтикалық қызмет көрсетудің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған талаптар мен қағидаттар жиынтығы.
2. Медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру мақсатында 2025 жылғы шілде айында №26 қалалық емхана базасында 4-санаттағы шақыртуларға қызмет көрсететін екі мобильді бригада ұйымдастырылды.
3. Нәрестелер өлім-жітімінің алдын алу мақсатында ана мен бала денсаулығы жөніндегі директордың орынбасарының штаттық бірлігі енгізілді.
4. Пациенттерге қолайлы жағдай жасау мақсатында скринингтік бөлімше ашылды. Онда „бір терезе“ қағидаты енгізіліп, пациенттер барлық қажетті скринингтік тексерулерден (зертханалық талдаулар мен бейінді мамандардың қабылдауы) қысқа мерзімде, бір жерде өте алады.
5. Қызметкерлер медальдармен наградталған:
 - медаль «За верность профессии» - 4 адам
 - «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төс белгісі – 1 адам
 - «Алтын дәрігер» – 3 адам
 - «Үздік маман» – 2 адам
 - «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» - 1 адам
 - «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төс белгісі – 1 адам

2026 жылға Жоспарлы іс-шаралар

- Емхананың Даму жоспарының нысаналы көрсеткіштеріне және 2022–2026 жылдарға арналған бесжылдық Стратегиялық жоспардың орындалуына қол жеткізуді қамтамасыз ету, сондай-ақ KPI көрсеткіштерін орындау және ДКПН индикаторларына қол жеткізу.
- Емхананың беделі мен имиджін арттыру мақсатында консультативтік-медиативтік көмектің жұмысын күшейту, халықтың шағымдарын одан әрі азайту және қанағаттану деңгейін арттыру, сондай-ақ емхананың қала және ел көлеміндегі рейтингі мен танымалдылығын көтеру үшін DAMU, Qoldau, Е-Өтініш платформалары арқылы алғыс хаттарды рәсімдеу мәселелері бойынша халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
- Тіркелген халық арасында салауатты өмір салтын ұстану, аурулардың алдын алу, поликлиникада өткізілетін іс-шаралар, МӘМС жүйесінде медициналық көмекті ұйымдастыру, отандық медицинаның заманауи жетістіктері, поликниканың жетістіктері және өзге де мәселелер бойынша әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарын тиімді пайдалана отырып, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын белсенді жүргізу.
- Міндетті контингенттер арасында профилактикалық тексерулер мен скринингтер жүргізу нәтижесінде ауруларды ерте кезеңде анықтау деңгейін арттыру, сондай-ақ созылмалы аурулары бар пациенттерді уақтылы диспансерлік бақылаумен қамтуды және ПУЗ қамту көрсеткішін ұлғайтуды қамтамасыз ету. Халықтың әртүрлі санаттарымен (қарттар, балалар мен жасөспірімдер, жүкті әйелдер және т.б.) денсаулық мектептерінің жұмысын белсенді түрде жалғастыру.
- Қарт адамдармен жұмысты жандандыру мақсатында халық арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған жоспарлы санитариялық-ағарту, профилактикалық және медициналық-әлеуметтік жұмыстарды, жүкті әйелдер мен жаңа туған нәрестелерді вакцинациялау мәселелері бойынша, сондай-ақ жасөспірімдер арасында жыныстық тәрбие мәселелері бойынша жұмыстарды жалғастыру.
- Модульдық эндоскопия бөлімін дамыту мақсатында қосымша штаттар ашылды
- JCI (Joint Commission International) стандарты медициналық ұйымдарды халықаралық аккредиттеудің „алтын стандарты“ ретінде танылады. Медициналық көмектің сапасы мен қауіпсіздігін арттыру мақсатында JCI сертификатын алу жоспарланып отыр.
- Кезекті аккредитациядан өту және Үздік тәжірибе орталығын ашу жоспарлануда.